

КАДРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР ОРЫН АЛДЫ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Ә.Жақсыбеков ҚР Президенті Әкімшілігінің басшысы, ал Ә.Исекешов Астана қаласының әкімі, Ж.Қасымбек Инвестициялар және даму министрі болып тағайындалды.

Осыған орай Мемлекет басшысы Президент Әкімшілігінің басшылық құрамымен кездесті. Кездесу барысында Елбасы Президент Әкімшілігінің басшысы қызметінде атқарған жұмысы үшін Н.Нығматулинге алғыс айтты және алдағы парламенттік қызметіне табыс тіледі.

Нұрсұлтан Назарбаев кездесуге қатысушыларға Президент Әкімшілігінің жаңа басшысы Ә.Жақсыбековті таныстырды.

– Ол бұған дейін де осы қызметте болып, әртүрлі лауазымдарды атқарды. Бұл бағытта орындалып жатқан міндеттерге байыптылықпен қарайтын тәжірибелі адам қажет, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы тапсырмалардың орындалуына тиімді бақылау жүргізудің маңыздылығын айта келе, Президент Әкімшілігі жұмысының басымдығы бар бағыттарын атап өтті.

Осыдан кейін Елбасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің «Нұр Отан» партиясы фракциясының жиналысына қатысты.

Жиын барысында Мемлекет басшысы Парламент Мәжілісінің төрағасы лауазымына Н.Нығматулиннің кандидатурасын қарастыру туралы ұсыныс берді. Елбасы Парламенттің атқарушы билікпен арадағы өзара іс-қимылды белсендірек жүргізуі қажеттігіне назар аударды. Сондай-ақ Қазақстан Президенті Мәжіліс төрағасы қызметінде атқарған жұмысы үшін Б.Ізмұхамбетовке алғыс айтты.

– Бүгін «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі орталық кеңесі төралқасының кезектен тыс отырысы өтіп, оның барысында Бактықожа Ізмұхамбетов кеңес төрағасы болып сайланды. Еліміз үшін бұл өте маңызды мәселе. Көптеген көрнекті қайраткерлердің басын қосып отырған ұйым ардагерлердің мәселесімен де, жастардың адамгершілік тәрбиесімен де айналысады, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Ал кеше өткен Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында депутаттар жасырын дауыс беру арқылы палатаның жаңа төрағасы лауазымына Нұрлан Нығматулинді сайлады.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Астана қаласының активімен кездесті.

Кездесу алдында қалалық мәслихаттың сессиясы болып өтті. Онда депутаттар Астана қаласының жаңа әкімі Ә.Исекешевтің кандидатурасын бірауыздан мақұлдады.

– Бұл қаланы кімнің басқаратынына мен немқұрайлы қарай алмаймын. Ол тәжірибелі, білімді, Қазақстанға танымал, елорданың мүддесін қорғай отырып, Үкіметпен жұмыс істей алатын адам болуға тиіс. Мен Әсет Исекешовті сондай адам деп есептеймін. Бүгін мәслихаттың келісімімен тағайындалған жаңа әкімді құттықтаймын, – деді Елбасы.

● ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

ТАҢДАЙЫНАН ЖЫР, МАҢДАЙЫНАН НҰР ТӨГІЛГЕН

Түркі халқына ортақ қасиетті өнердің жоғын түгендеп, өрісін кенейтіп жүрген белгілі жыршы-жырау, фольклорист-ғалым, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Алмас Алматов биыл 60 жасқа толып отыр. Сырдың санлақ ұлының мерейтойы туған жерінде «Ұлы дала әуендері» атты мерекелік шаралармен аталып өтті. Белгілі өнер иесінің азаматтық боамыс-бітімің, рухани биігің, ғалымдық қуаттылығың, жыраулық жүйріктігің паш еткен мерейтойда еліміздің, Түркия, Қырғызстан, Әзербайжан елдерінің ғалымдары, өнер адамдары бас қосты.



Таңдайынан жыр, маңдайынан нұр төгілген Алматовтың өзі өзін бөрі тектес түркінің ұрпағымын дейтіндерге жақсы таныс. Өйткені, жақсылардың жанына ат байлатып, өнердің жайлауында ат шаптырған азамат қазақтың ғана емес, тұтас түркі жұртының қанында бар қасиеттің шаңырағын биіктетті, керекесін кенітті.

Алпыстың асуындағы тойды айтсақ, той түндігі тың дүниелерді таныстырумен түрліді. Облыстық әкімдікте Алмас Алматовтың «Шыңғыснама», «Жыр керуен» кітаптарының, «Шыңғыснама» музыкалық эпосының тұсауы кесілді. Жыр-кисса жаттап өсер ұрпаққа рухани азық болар кітап туралы салтанатты рәсімде белгілі ғалым, каламгер Амантай Шәріп сөз сөйледі. Туындының мәнділігін, құндылығын, қадір-қасиетін, қазаққа қаймақ болар нәрлілігін айтты. Сондай-ақ, Қ.Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің вице-президенті Мехмет Қуталмыш, Құрманғазы атындағы қазақ Ұлттық консерваториясының профессоры Саида Әбдірахымқызы өз ойларын ортаға салса, өнер майталманы Серік Жақсығұлов жыр арнады. Рәсімінен соң дәстүрге сай мерейтой иесінің нығына шапан жабылып, сый-құрмет көрсетілді.

Мерекелік шара одан әрі «Өнер – түркі халықтары бірлігінің негізі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциямен жалғасты. Оған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

– Халық арасында «Сыр елі – жыр елі» деген қанатты сөз бар. Жүздеген жырауды жүзетпеген, мыңдаған жыршы-термешіні қанаттандырған бұл киелі өлкеде Қорқыт бабаның қобзыынан бастау алған дәстүрлі жыр өнері тамырын тереңге жайғанын Сіздер жақсы білесіздер. Сондықтан біз бүгінгі шараны сол дәстүрдің көрнекті өкілі, баба мұрасын насихаттап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде аянбай еңбек етіп келе жатқан біздің қадірлі жерлесіміз, белгілі жырау Алмас Нұрмаханұлының 60 жылдық мерейтойымен орайластырып отырмыз. Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында рухы биік, ұлттық тағылымы мол осындай ғылыми басқосудың да қазіргі ұрпақ пен жас жеткіншектер үшін тәлімі мен тағылымы өте зор. Сондықтан да осындай асыл өнерді ардақ тұтып, әлемдік өркениеттің таза булағына айналдырған Алматов азаматқа зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз, – деп облыс әкімі жылы лебізін жеткізді.

Сыр бойы

23 МАУСЫМ БЕЙСЕНБІ

2016 жыл №93 (19179)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.syrboyi.kz

● САЛТАНАТ



Сейсенбі күні Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театрында Қазақстан полициясы күніне арналған мерекелік шара өтті.

Фанфар ойналысымен сап түзген құрметті қарауыл сахна төріне Қазақстан Республикасының көк байрағын алып шықты. Бұдан соң еліміздің Әнұраны орындалды.

Бір сәт үнсіздік жарияланып, слайд арқылы қызмет бабында қаза болғандардың жарқын бейнелері көрсетілді.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев тәртіп сақшыларын кәсіби мерекелерімен құттықтады.

– «Отанға қызмет – абыройлы іс» деп халқымыз бекерге айтпаса керек. Кез келген тәуелсіз елдің өзінің құқық қорғау жүйесі болатыны белгілі. Елбасы Жарлығымен 1992 жылы “Ішкі істер органдары туралы” Заң қабылданса, 2007 жылы “23 маусым – Қазақстан полициясы күні” болып бекітілді. Міне, осы уақыт аралығында құрылымдық өзгерістерді бастан кешірген Қазақстан полициясы ел мүддесі үшін қызмет етіп келеді.

Ел тарихына елеулі өзгерістер әкелген жаңғырту кезеңдерінде халықтың қорғаушысы,

ҚОҒАМ ТЫНЫШТЫҒЫН КҮЗЕТКЕНДЕРГЕ ҚҰРМЕТ



биліктің қолдаушысы болған ішкі істер органдары мемлекет қауіпсіздігіне қауіп-қатер туындаған сәтте Отан алдындағы міндетін абыройлы атқаруда. Айтулы мереке қарсаңында ішкі істер органдары ардагерлерін, полиция қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтаймын! Қоғам қауіпсіздігі жолындағы қажырлы еңбектеріңізге зор табыс, отбастарыңызға береке-бірлік, елімізге тыныштық тілеймін! – деген аймақ басшысы бір топ сала үздіктеріне Құрмет грамотасы мен алғыс хат, сондай-ақ полиция капитаны Жұлдызбек Күсекеев пен полиция сержанты Нұрбол Үбітаевқа пәтер кілтін тапсырды.

Салтанатты шарада ҚР Ішкі істер министрі, генерал-полковник Қалмұханбет Қасымовтың жеделхаты оқылып, облыстық ішкі істер департаментінің бастығы, полиция полковнигі Жанат Сүлейменов үздік қызметкерлерді министрлік медаль, Құрмет грамотасы, алғыс хатпен марапаттады.

Кәсіби мереке соны облыс өнерпаздарының концертіне ұласты.

Бактыбай БЕРДІБАЕВ.

“БІЗДІҢ НЕГІЗГІ МИССИЯМЫЗ – САСҚАНҒА САЯ, АСҚАНҒА ТОСҚАН БОЛУ!”

«Алаштың анасы» атанған Сыр өңірінде жастар саясатына қатысты тың және ауқымды жұмыстар қолға алынып жатыр. Жуырда Жанакорған ауданында жастар саясаты жөніндегі облыстық кеңестің көпшелі мәжілісі өтті. Бұл жиын сырбойлық қана емес, күллі ел жастарына ортақ мәселені көтерді. Бұған дейін назардан тыс қалып келген жастар мәселесін алғаш болып аймақ басшысының айтуы біз үшін үлкен қамқорлықтың бастамасы деп сенеміз. «Мақсат – бірінші кезекте тасада қалған, кім болып, не істейтінін анықтай алмай жүрген, көмекке мұқтаж жастарды демеу. Дарындылар мен белсенділер жол табады. Біз, әрине, оларға көмектессеміз, қолдаймыз. Бірақ біздің ең негізгі миссиямыз – сасқанға сая, асқанға тосқан болу!» – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімінің тапсырмасына орай бұған дейін де өңірімізде біршама жұмыстар атқарылған-ды. Ең алдымен, «Жастар ресурстық орталығы» құрылды. Онда, коворкинг, продюсерлік студия, спортпен шұғылданатын, видео-ойын, психологиялық бөлмелер жұмыс жасамак. Орталықтың көмегімен базарлар мен автотұрақтарда жастарға кеңес беру шаралары өткізіліп жатыр. Сондай-ақ, бұл құрылым жастардың бастамаларын ақпараттық-әдістемелік, консультациялық сүйемелеуді, жастар арасындағы ахуалдың мониторингін және оны талдауды жүзеге асырады.

Жастар – ел болашағы. Сондықтан да, әрбір жастың ел дамуына үлес қосып, қоғамнан өз орнын табуы маңызды. Қоғамымызда өз орнын таба алмай жүрген жастар жетерлік. Оған түрлі себептер әсер етеді. Қалай болғанда да, біз мұндай жастарға көмектесіп, қолдауымыз қажет. Аймақ басшысы айтқандай, теріс ағым жетегінде кеткендерді, жаман әдетке үйір болғандарды, қылмыс жасауға бейім жастарды түзу

жолға салу күн тәртібіне қойылып отыр. Бұл орайда «Жастар ресурстық орталығы» өз жұмысына кірісіп те кетті.

Аймағымызда не оқуда, не жұмыста жоқ, NEET санатындағы 25 мыңдай жас бар. Олардың әрқайсысымен жұмыс жасау, әрине, оңай болмайды. Десе де, олардың мекен-жайына барып, құқықтық-психологиялық кеңес беруді бастадық. «Құрылыс жасактары» мен «Жасыл ел» еңбек жасактарына жұмысқа тартылуда. Сондай-ақ, орталықпен қарым-қатынас жасауға, спорттық шараларға қатысуға шақырудамыз. Қазіргі таңда осы санаттағы жастардан 49 команда құрып, футболдан жарыс ұйымдастыруды қолға алдық.

Облыста қазіргі таңда 15 бағыттан тұратын мәліметтер базасы жасакталады. Базаға 2006-2016 жылдар аралығында мектеп бітірушілер туралы толық ақпарат жинақталады. Яғни, кімнің қайда, не істеп жүргені анықталып, қажетті көмек көрсетілуі керек. Яғни, қабылданған бағдарламалар мен қолға алынған жобаларға тартылады. Мәселен, биыл «Серпін» жобасы бойынша жоғары оқу орындарына түсу үшін 3162, кәсіптік-техникалық колледждерге 1050 грант бөлінді. Бұл – ҰБТ-дан төмен балл жинаған және қатыспаған түлектерге жасалатын жақсылық. Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев бұған дейінгі кездесулердің бірінде биылғы мектеп бітірушілерге 100 пайыз жоғары және орта оқу орындарына түсуге мүмкіндік жасалатынын айтқан-ды. Сондай-ақ, біздің облысқа ғана тән жаңалықтан көпшілік хабарлар – соңғы жылдары қызылордалық жүздеген түлектер Ресейдің маңдайалды оқу орындарында тегін оқып жатыр. Тегін болғанда – бар қаржы Ресейдің есебінен. Нақтылағанда, биыл білім мен талпыту ұшшастырған жарты мыңға жуық оқушыға Мәскеу мен Санкт-Петербургта оқуға жағдай жасалып отыр. Сондай-ақ,

жыл сайын жағдайы төмен отбасылардың балалары үшін облыс әкімінің гранты тағайындалады. Бұл гранттың саны былтыр 135 болса, биыл 500-ге жетті. Студенттердің жазғы демалыс кезіндегі уақытын еңбек етуге арнауы – олардың өз бетімен өмір сүруіне, еңбекқорлыққа тәрбиелейді. Бұл бағытта да аймақ басшысының қолдауымен тиісті жұмыстар атқарылуда. Айталық, осы жазда 516 жас уақытын құр өткізбей, құрылыс нысандарында еңбек етпек.

Сондай-ақ, облысымызда «Жол картасы», «Жұмыспен қамту», басқа да мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жастарды жұмыспен қамту көрсеткішінде алға жылжу бар. Ал, кәсіп бастаймын деушілерге мемлекеттік бағдарламалардан беріліп жатқан қаржы көлемі де жыл сайын артып келеді.

Жасиратын несі бар, бүгінгі күні жастарымыз әскери борышын өтеуден қашады. Мұндай жүгенсіздікке қарсы тұру үшін аймақ басшысының тапсырмасымен «қашқындардың» аты-жөндері баспасөз беттеріне жарияланған-ды. Соның нәтижесі, бір ауданның ардагері баласы мен немересін әскерге шақырушыларға атпен айдап әкеліпті. Яғни, ел ішіндегі бассыздыққа жол беретін, тойып секірген жастарды жөнге салуда тәртіптің қаталдығы қажет-ақ.

Қызылорда облысында қазіргі таңда бір жарым жыл болды, флеш-моб секілді пайдасы аз жалаулатқан жиындар өткізілмейді. Облыс әкімі кешегі басқосула мұндай жиындар өткізіп, жастарды ардадан құр қағып қоятын шараларды доғару қажеттігін айтты. Сыр еліндегі бұл қалам күллі қазақ жастарына серпін берері сөзсіз.

Жасұлан АЛДАБЕРГЕНОВ, «Жастар ресурстық орталығының» жетекшісі.

● БАЛЫҚШЫЛАР СЛЕТІ ҚАРСАҢЫНДА

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ БАЙЫПТЫ БАҒЫТЫ

Сыр өңірінң, оның ішінде Арал теңізінің балығы өте дәмді әрі сапалы. Бұл – сыртқыдан пікірі. Сондықтан, оған жыл өткен сайын сұраныс артып келеді. Былтыр еліміздің ішкі нарығын есептемегеннің өзінде, екі мыңға жуық тонна балық алыс-жақын шетелге жөнелтілген. Ал өңдеу көлемі екі есеге өскен. Бұл – «ғасыр жобасы» атанған «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін састау» (САРАТС) жобасының бірінші кезеңінің сәтті жүзеге асырылуының нәтижесі.

Соның арқасында көгілдір айдың кеңейіп, ата кәсіпті дамытуға мүмкіндік туыды. Теңіздің қайта тірілуімен бұрын жоғалып кеткен балықтың 13 түрі қайта көрініс тауып, су маржанын аулау 400 тоннадан 7,2 мың тоннаға өсті. Яғни, Кіші Арал теңізінде Балқаш көлінен аulanатын балықтың көлеміне жетті. Жергілікті халықтың несібесін молайтқан шаруашылықтың жай-күйін кеңірек сараласақ. Бүгінгі күні, облыста балық шаруашылығы маңызы бар Кіші Арал теңізі мен жергілікті маңызы бар 184 су айдыны тзімге алынғанының 72 пайызы конкурстық негізде табиғат пайдаланушыларға бөкіліп берілді. Өткен жылы облыс бойынша 8394 тонна балық ауланды. Ал 2014 жылы 6725 тонна балық ауланған болатын. Сонымен қатар, балық аулауға берілген рұқсаттар үшін республикалық бюджетке 119,2 млн теңге қаржы түсірілді. Байқалғандай, жыл сайын балық аулау көлемі артып

келеді. Соған сәйкес, оны өңдеудің де, экспортқа шығарудың да мүмкіндіктері артып. Нақтыласақ, өткен жылы облыста 3461 тонна балық өңделген. Еуропаның Австрия, Польша, Дания, Грузия, Әзірбайжан мемлекеттеріне 847 тонна, Ресей нарығына 921 тонна, барлығы 1768 тонна балық өнімдері экспортқа шығарылды. Ал биылғы жылдың басынан бері құны 1,5 млн АҚШ доллары болатын 382 тонна өнімдер Польша, Дания, Грузия және Әзірбайжанға экспортталған.

Бұдан бөлек, жергілікті кәсіпкерлер Ресейдің Самара, Екатеринбург, Тольятти сияқты қалаларымен іскерлік байланыстар орнатқан. Атап айтқанда, өткен жылы қазалылық кәсіпкер А.Ерхатов «Байқоңыр ӘКК» компаниясымен бірлесіп, Арал ауданында балық өңдейтін Қарашалаң сервисік дайындау орталығын іске қосса, осы жылы Ресейдегі Ульяновск облысының Димитровград қаласында балық өңдеу зауытын ашып отыр. «Өзіміздегі зауыттарға балық шикізаты жетпей жатқанда, неге Ресейден зауыт ашынады?» деген заңды сұрақ болуы мүмкін. Олай болса, алдадағы негіз жоқ. Себебі, экспортқа жөнелтілетін балықтың 70 пайызы ішкі нарықта сұранысы төмен табан, торға сияқты майда балықтар. Бұларды өзімізде қатырып, Ресейдегі зауытта өңдеу кәсіпкер үшін тиімді болып отыр.

Сол сияқты, Қазалы ауданында жеке кәсіпкер «Игілік» банктерден несие

алып, Әйтеке би кентінде балық өңдеу зауытын іске қосты. Зауыттың жылдық қуаттылығы – 1,5 мың тонна.


Жалпы, өңірде 8 балық өңдеу зауыты бар. Олардың – «Арал балық өңдеу зауыты», «Арал СДО», «Қам-бала балық», «СПК Қызылорда балық» серіктестіктері, жеке кәсіпкер «Игілік», «Қуаныш», «Аста», «Бөген» шағын балық өңдеу зауыттарының жұмысы қызу жүруде. Зауыттардың жылдық қуаттылығы 11 мың тоннадан асады. Дегенмен, біздің кәсіпкерлеріміз алдында шешімін таппай отырған өзекті мәселе бар. Мәселен, облыстағы балық өңдейтін 8 зауыт та шикізатпен толық қамтамасыз етілмеген. Өйткені, облысқа бекітілген балық аулау лимиті өткен жылы 8394 тонна болса, биыл 7883 тонна ғана. Бұл зауыттардың мүмкіндіктерін айтпайтын қателік. Оның үстіне, шаруашылықтардың бірқатары балықты аулап, оны шикізат күйінде сатумен шектеліп келеді. Балықты өңдемей сату – қаржы табудың ең оңай және жеңіл жолы. Бұл кәсіпкердің жеке басына пайдалы болуы мүмкін, бірақ өңдеуші кәсіпорындарды әрі қарай дамытуға, сол аумақта тұратын халықтың әлеуметтік жағдайына кері әсерін тигізеді. Міне, ауданған балықтың барлығын өңдеу керек деген сөздің маңыздылығын осыдан-ақ терең түсінуге болады.

Негізінен алғанда, балық шаруашылығы саласы облыста агроөнеркәсіп кешенінің негізгі салаларының біріне

айналып үлгерді. Жүздеген отбасы әлеуметтік жағдайын жақсартуға мүмкіндік алды. Қазіргі таңда Арал мен Қазалыда 2 мыңға жуық балықшы бар, ал балық өңдеу зауыттарында 600-дей адам жұмыс жасайды. Бұған қоса, былтыр 50 жылдан кейін бірінші рет Балықшылар слеті өткізілді. Осы шараны дәстүрлі түрде жылда атап өту туралы аймақ басшысының ұсынысын көпшілік күл көріп, қолдап отыр. Енді 8-9 шілде күндері республикалық слет өтеді деп жоспарлануда.

Болашақта САРАТС жобасының екінші кезеңі салаға серпіліс берері сөзсіз. Жобаға сәйкес, Арал теңізінің солтүстік бөлігіндегі және өзен саясындағы жалпы ауданы 34 мың гектар болатын көлдер суға толады. Сол кезде балық аулау көлемі 30 000 тоннаға жетпек. Демек, тіршілік ауаны теңізбен тікелей қабысқан қалың қауым шаруашылығының болашағы зор.

Дәурен ОМАРОВ.



Экспорт: 2015 жылы 1768 тонна балық өнімдері Австрия, Польша, Дания, Грузия, Әзірбайжан мемлекеттеріне және Ресей Федерациясына экспортқа шығарылған.

2016 жылғы маусымға дейін 382 тонна балық өнімдері экспортталған. Облыста 8 балық өңдеу зауыты бар, жылдық қуаттылығы 11 мың тоннадан асады.

● ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

АРАЛ ӨңІРІ ҚОЛДАУ КҮТЕДІ

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, «Нұр Отан» партиясы фракциясының мүшелері Геннадий Шиповских, Абзал Ералиев және Ольга Шишигина ҚР Премьер-министрі Кәрім Мәсімовке Арал өңірінің проблемаларына арналған депутаттық сауал жолдады. Оны Мәжілісте Г.Шиповских оқып берді. Сауал мәтінін назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Күрметті Кәрім Қажымқанұлы! Арал өңірінің табиғаты мен шаруашылық салаларының көне дәуірден бері келе жатқан үйлесімді даму ырғағын өткен ғасырдың екінші жартысында осы өлкеде орын алған экологиялық тоқыраудың бұзып жібергені баршаға мәлім.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тікелей қамқорлығымен өңірдің экологиясын сауықтыру, экономикасын дамыту, халқының әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытында келесі жобалар жүзеге асырылып келеді. Сонымен қатар, өз шешімін таппай отырған бірнеше мәселелер де бар. Бүгінгі күні Арал ауданында 77 мың халық болса, соның ішінде 32 мыңнан астамы Арал қаласында тұрады. Арал қаласы орталығында 24 сор көл бар болатын. Оның 4-і көмілді. Тағы 4 көлді кому үшін тиісті жобалық-сметалық құжаттары дайындалып, мемлекеттік сараптамадан өтті. Осы 4 сор көлді көмуге 186 млн теңге қажет. Сорлар көмілсе, экологиялық жағдай жақсарып, олардан бөлінетін істер азайып, ауа райы дұрысталып, адам денсаулығына жақсы әсері болады және құрғаған жерлерге құрылыстар, ойын алаңдары, гулзалар салынып, қала абаттанып көркейетін болады.

Арал өңірінде жылдың басым бөлігінде жел, дауыл болатындықтан көп жерлерде құм көшіп ауылдарды басуда. Арал ауданындағы құм басқан Ақсепе, Шинжаға, Сазды, Қосамаң ауылдық округтері айналасына сексеуіл көшеттерін отырғызу арқылы құм көшініне тосқауыл жасауға болады. Нәтижесінде осы елді мекендер құм басу қаупінен құтылып,

жол қатынасы жақсарады және халықтың өмір сүруіне жағдай жасалып, олардың әлеуметтік-тұрмыстық деңгейі артар еді. Құм көшінін тоқтату үшін құмда өсетін сексеуіл, жыңғыл, дүзгін егуге қаражат қаралуы тиіс деп есептейміз.

Назар аударатын мәселенің бірі – Арал теңізінен және көлдер жүйесінен заңды түрде шектеу қойылған сапасыз, зияны шап-етектен ауларымен балық аулау. Осының салдарынан қазіргі кезде күрделі экологиялық жағдай туындап отыр. Шет елдің өзінде балық аулауға жарамсыз деп табылған аулар аталған теңіз бен көлдерде аяқ алып жүргізіс. Ал бұлай суда шірмей, су түбінде ұзақ сақталатын аулар теңіз бен көлдерде балық өлекселері көбеюіне әкеп соғады. Себебі, бұл аулар капрон аулар сияқты емес, суда шірмей ұзақ сақталады. Сондықтан, осы аулар құрылған жерлерді тазалаудың тиісті іс-шаралары қарастырылып, теңіз және көлдердегі табиғат пайдаланушыларға шектеу қойылған, сапасыз ауларды қолдануға заң жүзінде салынған тыйымды күшейтіп, бақылауды жүйелендіру қажет.

Жоғарыда көрсетілген мәселелерді жан-жақты қарап, шешу үшін республика бюджетінен тиісті қаражаттың бөлінуіне ықпал жасауыңызды және осы мәселелер бойынша «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңына сәйкес жазбаша түрде жауап беруіңізді сұраймыз.



ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

«Нұр Отан» партиясы Саяси Кеңесінің Бюро отырысында облыс әкімі, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының төрағасы Қырымбек Көшербаев жаңадан тағайындалған төраға орынбасары Әділбек Ерсұлтановты тағайындады.

Ерсұлтанов Әділбек Бөрібайұлы 1976 жылы 27 тамызда Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кентінде дүниеге келген.

1998 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін «Тарихшы-архивтанушы» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын Қызылорда облыстық мұрағаттар басқармасында жетекші маман қызметінен бастап, әр жылдары қала әкімі аппаратында бас маман, бөлім басшысы, №178 орта мектеп директоры, Талсуат ауылдық округінің әкімі, облыс әкімі аппаратының бас инспекторы, облыстық мұрағаттар және құжаттама басқармасы бастығының орынбасары, Қармақшы ауданы әкімінің орынбасары, облысы әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс және аймақтық даму бөлімінің басшысы қызметін атқарған.

2015 жылдың шілде айынан бері Қызылорда қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы қызметін атқарып келеді.

Аймақ басшысы Ерсұлтан Бөрібайұлының жаңа жұмысына сәттілік тілеп, абыройлы қызмет етуге шақырды.



Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

«Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхат бар адамдарға олардың мүлкіті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» Заңға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, мүлкіті жария ету мерзімі 2016 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылды. Бұл мерзімнің аяқталуына жарты жылдай ғана уақыт қалды. Соған байланысты түсінірме жұмыстарын кезекті мәрте жүргізу мақсатында облыстық қаржы басқармасы, облыстық әділет департаменті, «Қызылорда облысы бойынша жылжымайтын мүлік орталығы» РМҚ және Қызылорда қаласы әкімдігі мандары Қызылорда облыстық кәсіпкерлер палатасында аймақ кәсіпкерлерімен кездесу өткізді.

Кездесуде мүлкіті жария ету - табысты жасау мақсатында заңды экономикалық

айналымнан шығарылған және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген не тиесілі емес тұлғаға ресімделген мүлікке құқықтарды мемлекеттің тәуелсіздігіне қайшы етілгендігіне, Сонымен бірге, ақшаның экономикаға қосымша қаражат тартатынын, жария етуге және бар мүлкіті заңды айналымға енгізуге мүмкіндік беретіндігі түсіндірілді.

Кездесу барысында мүлкіті және ақшаны жария ету барысы, тиімділігі, заман бектілігін келіпдіктері мен жария ету тәсілдері, ақшаны жария ету рәсімі айтырылмай отыратындығы танылды. Сонымен қатар, Қызылорда облысы бойынша жекешелендіру бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстар туралы сөз қозғалды.

Ы.ТҰР.ЛЫҒҮЛОВ.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІ АППАРАТЫНДА ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӘКІЛДЕРІН ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ			
Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау сағаты
Кошербаев Қырымбек Елеуұлы	Облыс әкімі	Әр айдың 4-ші дүйсенбісі	Белгіленген уақытта (сағат 10-нан 17-ге дейін)
Ысқаков Қуанышбек Досмайлыұлы	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 1-ші және 3-ші сейсенбісі	Белгіленген уақытта (сағат 10-нан 17-ге дейін)
Кожанжол Серік Салауатұлы	Облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі	Әр айдың 2-ші және 4-ші сейсенбісі	Белгіленген уақытта (сағат 10-нан 17-ге дейін)
Сүлейменов Серік Жүсіпұлы	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 1-ші және 3-ші сәрсенбісі	Белгіленген уақытта (сағат 10-нан 17-ге дейін)
Рауан Кенжежанұлы	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 2-ші және 4-ші бейсенбісі	Белгіленген уақытта (сағат 10-нан 17-ге дейін)
Өмірбеғ Фалым Мақмұтбайұлы	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 1-ші және 3-ші дүйсенбісі	Белгіленген уақытта (сағат 10-нан 17-ге дейін)
Жайсапбаев Қанатбек Бақытұлы	Облыс әкімінің аппарат басшысы	Әр айдың 2-ші және 4-ші жұмасы	Белгіленген уақытта (сағат 10-нан 17-ге дейін)
Ысқаков Руслан Сұлтанұлы	Облыс әкімінің аппарат басшысының орынбасары	Әр айдың 2-ші және 4-ші сәрсенбісі	Белгіленген уақытта (сағат 10-нан 17-ге дейін)
Абдулхамид Айдар Сейсенбекұлы	Облыс әкімінің аппарат басшысының орынбасары	Белгіленген уақытта	Белгіленген уақытта (сағат 10-нан 17-ге дейін)

Азаматтарды қабылдауға алдын ала жазу Қызылорда облысы әкімдігінің ғимаратында мына мекен-жай бойынша жүргізіледі: Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі №1, 1-қабат, №139 бөлме.

Анықтама телефоны: 60-55-39; 40-11-91.

Қызылорда облысы әкімінің аппараты.

● БҮГІН – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ КҮНІ

Бүгінгі таңда Қазақстанда мемлекеттік қызметті дамытуға үлкен назар аударылуда. Елбасы «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарында бірінші қатарда кәсіби мемлекеттік аппарат құруды белгілеп берді.

Алғашқы институционалдық реформаның жүргізілу барысы және жаңадан құрылған ведомствоның атқарған жұмысы туралы Мемлекеттік қызмет істері министрлігі Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Жазира Жылқышевадан айтып беруін өтінген едік.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – МЕРЕЙЛІ МІНДЕТ

– Жазира Жақсылыққызы, 2013 жылы ҚР Президенті Жарлығымен 23 маусым – Мемлекеттік қызметші күні болып бекітілді. Осыған орай, елімізде бұл мерекелік күн үшінші жыл қатарынан аталып өтуде. Бұл күн неге байланысты енгізілгенін айтып өтсеңіз...

– Мемлекеттік қызметшілерге еліміздегі реформаларды, Елбасының Жолдауларын жүзеге асыруда, халқымыздың тұрмысын жақсартуда үлкен мақсаттар жүктелген. Аянбай және ерекше жауапкершілікпен өз міндеттерін атқару, ел азаматтарының игілігі үшін қызмет ету екендігін қоғам түсінігінде нығайту – заманауи мемлекеттік қызметшінің басты міндеті.

2002 жылдың 20 желтоқсанында БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы отырысында 23 маусым – Мемлекеттік қызметші күнін бекіту туралы резолюция қабылданды. ҚР Президентінің 2013 жылғы желтоқсандағы Жарлығымен бұл күн біздің елімізде де Мемлекеттік қызметші күні болып белгіленді. Бұл мереке мемлекеттік қызметтің абыройын нығайтуға, Елбасы жариялаған кәсіби мемлекеттік аппарат жұмысының «халық пен мемлекетке қызмет ету – бәрінен жоғары» атты негізгі қағидатын дәріптеуге мүмкіндік туғызады.

Атап өту керек, 17 маусымда Мемлекеттік қызметші күні қарсаңында департамент ұйымдастыруымен мемлекеттік қызметшілердің кәсіби шеберлігін айқындайтын «Үздік мемлекеттік қызметші» атты байқауы өткізілді. Осындай байқауларды жыл сайын өткізуді жоспарлап отырмыз. Себебі, бұл мемлекеттік қызметті дәріптеуге және оның имиджін нығайтуға, мемлекеттік қызметшілердің мәртебесін көтеруге септігін тигізеді. Сондай-ақ департамент облыстық деңгейде шынықтыру және спорт басқармасымен бірлесіп, 4 маусым күні салуатыны өмір салтын дәріптеу мақсатында мемлекеттік қызметшілер арасында веложарыс өткізген болатын. Ал 20 маусым - 7 шілде аралығында облыс әкімінің жұлдісіне арналған және ведомстволар қызметкерлерінің ХХІ спартакиадасы өткізілуде.

Қазіргі таңда облысымызда 383 мемлекеттік орган қызмет жасайды, соның ішінде 291-і – жергілікті атқарушы органдар болса, 82-сі – орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелері. Мемлекеттік қызметшілердің штаттық құрылымы 3769 біріктірі құрайды. Оның ішінде, саяси қызметшілері саны – 7, «А» корпусы қызметшілері саны – 13, «Б» корпусы қызметшілері саны – 3749.

– Қазақстанда мемлекеттік қызмет саласындағы реформа қарқыны орнатылып жатқанын байқауға болады. Бұл реформаның енгізілген өзгерістері жайында айта кетсеңіз...

– Біз қазіргі таңда «100 нақты қадам» Ұлт Жоспары орындаудың тәжірибелік кезеңіне бағыт алдық. Атап айтқанда, үстіміздегі жылдың I қаңтарынан бастап белгіленген реформаларды жүзеге асыру мақсатында қабылданған «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы» Заңы күшіне енді. Заң ашық конкурстық іріктеуді, біліктілігіне қарай мансаптық жылжыу, жұмыс нәтижесіне қарай еңбекақысы тағайындауды қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл шаралар мемлекеттік қызмет жүйесінде тамыр-тамыстық, ағайынға бұрушылық пен заңсыз қамқоршылық жағдайларын барынша жоюға септігін тигізеді.

Мансаптық үлгіге сәйкес, мемлекеттік қызметке алғаш келгендер бірден үлкен лауазымдарға орнала-са алмайды, керісінше төменгі лауазымдардан бастауы шарт. Жұмыс тәжірибесі мемлекеттік қызметшінің мансаптық ілгерілеуінің басты шарты және мұнда да тек конкурстық негізде жүзеге асырылады.

– Біздің өңірде осы жаңашылықтарды енгізу бойынша қандай жұмыстар жүргізілуде?

– Біздің алдымызда мемлекеттік қызмет саласындағы жаңалықтарды тәжірибеге енгізу бойынша үлкен міндеттер тұр. Департамент бұл бағытта мақсатты жұмыстар жүргізуде. Кең көлемді түсіндірме жұмыстары басталып та кетті, жыл басынан әртүрлі мақсатты топтар алдында 115 дәріс пен семинарлар өткізілді. 15-маусымнан бастап аудан орталықтары мен ауылдық округтердің тұрғындарымен кездесу-лер өткізудеміз. Кездесулер аясында жеке мәселелері бойынша қабылдаулар ұйымдастырылды. Аталған кездесулерді өткізу үшін департамент қарамағында арнайы жасақталған топтар құрылды, оның ішінде кәсіпкерлер палатасы, жастар ресурстық орталығы, еңбекпен қамту және әлеуметтік қорғау бөлімдері қосылып отыр.

Жыл басынан бері Қызылорда облысындағы мемлекеттік органдарда 393 бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға конкуре өткізіліп, оған жалпы саны 326 адам қатысты. Конкурстар нәтижесінде 142 үміткер жеңімпаз ретінде мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасты. Тестілеуде 869 адам қатысты, соның ішінде шекті жекеден асқандар саны 358-ді (41найыз) құрады. Жергілікті атқарушы органдарда және орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінде «Е-қызмет» персоналы басқаруды ықпалдандырылған ақпараттық жүйесін енгізу жұмыстары, сондай-ақ «Мемлекеттік қызмет персоналын басқарудың ұлттық орталығы»



Сапалы маман иесі атанып, мемлекеттік қызметке етене араласқан жастарымыздың бірі – Ерлан Әбілдаев.

Ол 1981 жылдың 25 мамырында Сырдария ауданына қарасты Қалжан

АҚ-ның өкілі қатысуымен «Е-қызмет» жүйесінің кіші бағдарламаларымен жұмыс жасау бойынша жергілікті және аумақтық мемлекеттік органдардың кадр қызметтерінің мамандарын оқату іске асырылды.

– Қазіргі таңда жастар мемлекеттік қызметке баруға қызығушылық білдіретіні жасырын емес. Сіздің ойыңызша жасалып жатқан реформа жастардың мүмкіндігін азайта ма?

– Керісінше, айтылып отырған реформа жастар арасындағы лайықтылардың мемлекеттік қызметке түсуіне және мансаптық өсуіне жол ашады. Мемлекеттік қызметке түсу себептері біркатар факторлармен анықталады. Біріншіден, мемлекеттік қызмет көптеген жастар үшін аса құрметті абырой және қоғам тарапынан көрсетілген үлкен сенім деп бағаланады. Екіншіден, бүкіл әлемде мемлекеттік қызметке деген қызығушылық оның тұрақтылығымен анықталады, әсіресе соңғы болып өткен әлеуметтік-экономикалық дағдарыстардан кейін. Оған қоса, егер жастар іріктеу айналымы ашық түрде жүргізіліп жатқандығын көрсетсе және әрі қарай өсуі оның еңбегінің нәтижесіне қарай болса, онда бұл өзін лайықтымын деп санаушы жастарға қосымша ынталандыру болмақ.

Мамыр айында департамент пен Жастар ресурстық орталығы арасында «Жастар кадрлық резервін» құру туралы Меморандумға қол қойылды. Сөйтіп, мемлекеттік қызметтің кадрлық резервін қалыптастыруға бастама жасалды.

– Мемлекеттік қызметшілердің сыйлықтар алу мәселесі үлкен қызығушылық туғырады. Мемлекеттік қызметші жақын адамдары немесе әріптестері тарапынан сыйлықтар қабылдай ала ма?

– Мемлекеттік қызметті өткеру мемлекеттік қызметшілерге ерекше талаптар мен шектеулер қояды. Қолданыстағы заңнаманың нормаларына сәйкес, мемлекеттік қызметшілерге сыйлықтар алуға тыйым салынады. Мемлекеттік қызметші білмей келіп түскен сыйлықтар жеті күн мерзімде арнаулы мемлекеттік күрде өтеуісүз тапсыруға жатады. Өзіне сыйлықтар келіп түскен мемлекеттік қызметші жоғары тұрған лауазымды адамның келісімімен оларды аталған қордан тиісті жерде қолданылып жүрген нарықтық бөлшек сауда бағасы бойынша сатып алуға құқылы. Сыйлықтарды сатудан түскен ақшаны арнаулы мемлекеттік қор республикалық бюджетке ауларды. Сыйлықтарды алғаны немесе тапсырмағаны үшін тиісінше жауапкершілік шаралары қарастырылған. Егер сыйлықтың құны 2 АЕК-тан аспаған жағдайда, мемлекеттік қызметшілер тәртіптік немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылатын болады. Көрсетілген соммадан асқан барлық сыйлықтар пара есебінде қарастырылып, қымстылық жауапкершілікке тартылады.

Мемлекеттік қызметшінің ыңғайсыз жағдайға қалдырмасы үшін қоғам арасында ұйымдардың да, жеке және заңды тұлғалардың да мемлекеттік қызметшілерге сыйлық бермеу керектігі туралы түсінігін қалыптастыруымыз қажет.

– Бүгінде мемлекеттік қызметшілердің қызмет сапасын арттыру туралы қол айттылық жүр... Бұл салада қандай мәселелерге назар аударылууда?

– 2013 жылдың 10 қазанында ҚР Президенті Н.Назарбаев «А» корпусы резервшілерімен кездесуде «Мемлекеттік қызметтер көрсету туралы» Заң мемлекеттік қызметшілердің үнемі қолданатын құжатына айналуы тиіс, оның негізінде мемлекеттік қызмет көрсетуді оңтайландыруға, оның сапасы мен нәтижелігін арттыруға қол жеткізу қажет екендігін атап өткен болатын. Жоғарыдағы Заңға сәйкес, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау мен бақылау үздіктері Мемлекеттік қызмет істері министрлігі және оның аумақтық департаменттеріне артылған. Департаменттерде арнайы мемлекеттік көрсетілген қызметтер басқармасы жұмыс жасайды. Мемлекеттік қызмет істері министрлігі және оның аумақтық департаменттері мемлекеттік органдардың тексеру және бақылау шаралары түріндегі сыртқы бақылау жүргізеді.

2016 жылдың басынан Қызылорда облысында 1 миллионнан астам мемлекеттік қызметтер атқарылса, соның 643 мыңы жергілікті атқарушы органдармен көрсетілген. Департамент ішкі тексерулер бойынша 6 мемлекеттік органдар мемлекеттік көрсетілген қызметтерге қайта тексеру жұмыстарын жүргізді. Есептік ақпараттарына қайта тексеру нәтижесімен 3 мемлекеттік көрсетілген қызметтер туралы заң талаптарына сәйкес толық емес және сенімді емес ақпарат ұсынылған, 3 мемлекеттік мекемеден толық емес ақпараттар ұсынылғандығы анықталған.

– Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің жұмысы туралы әңгімелесейіз.

– Жана «Әдеп» коллексін қабылдануына байланысты тәртіптік кенестердің қызметі қайта қаралып, енді олар Әдеп жөніндегі кеңес деп аталады. Өзгертулер кеңестің атауында ғана емес, оның негізгі функциялары да кеңейтілді. Мысалы, кеңес сыйбалас жемқорлық тәуекелдеріне талдау нәтижелерін, сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қызмет туралы заңнама талаптарын бұзудың алдын алу бойын-

ша мемлекеттік органдардың жұмысын, Әдеп жөніндегі үздіктердің қызметін, сыйбалас жемқорлықты ескерту әдістері мен түрлерін жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар шығарумен айналысады.

Жыл басынан бері Әдеп жөніндегі кеңестің 4 отырысы өтіп, 21 мәселе қаралды. Оның ішінде, мемлекеттік қызметшілерге қатысты 15 тәртіптік іс, 3 ұйымдастыру жөніндегі мәселелер, 3 мемлекеттік орган басшыларының есеп беруі қарастырылды. Қаралған тәртіптік істер нәтижесімен 6 тәртіптік іс бойынша тәртіптік жазаға тарту жөнінде ұсыныс берілді.

– Баршаңызға мәлім, Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің және оның аумақтық департаменттері бағыттарының бірі сыйбалас жемқорлықтың алдын алу болып табылады. Осы бағытта қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр?

– Ұлт Жоспары «100 нақты қадамның» 13- қадамын жүзеге асыру мақсатында алдыңғы жылы «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» жаңа Заң қабылданып, ол 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді. Заңның сыйбалас жемқорлықтың алдын алу бойынша негізгі ережелері – сыйбалас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыйбалас жемқорлық тәуекелдерін талдау, сыйбалас жемқорлыққа қарсы мониторинг, сыйбалас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру, мүдделер қақтығысы мәселелері және көптеген басқа мәселелер қарастырылған. Осыған байланысты, мемлекеттік және квазимемлекеттік секторларда сыйбалас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы және ішкі талдау жүргізіле бастады. Департамент 4 мемлекеттік органдардың қызметтерінде сыйбалас жемқорлық қатерлерін анықтауға байланысты талдау жұмыстарын жүргізді.

Жүргізілген талдау нәтижесі бойынша мемлекеттік қызмет көрсету бағытында заң бұзушылық анықталған және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында тиісті ұсыныстар берілді. Қоғамның қолдауынсыз жоғарыдан жүргізіліп жатқан сыйбалас жемқорлыққа қарсы шаралар тек ішінара нәтиже береді.

Азаматтарда сыйбалас жемқорлыққа қарсы мәдениет, сыйбалас жемқорлыққа деген берік иммунитет, оған деген жұртшылықтың мінеуі болмай, қалаған нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Әрбір қазақстандық, әрбір отбасы сыйбалас жемқорлыққа қарсы күрес – бүкіл қоғамның ісі екенін түсіну керек. Жыл басынан бері сыйбалас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және мүлдем төбешушілікті қалыптастыру бағытында 4 мыңнан астам адамды қамтитын әртүрлі мақсатты топтар арасында лекция мен семинарлар өткізілді. Ал наурыз айында 500-дей адам қатысқан «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы саясат: жаңа басымдықтар» атты облыстық конференция ұйымдастырылды.

Сыйбалас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда өскелең ұрпақпен жұмыс қағидаты мынадай рөл атқарады. Тек жас кезінен мінез-құлықтың сыйбалас жемқорлыққа қарсы стандарттарын енгізу бұл әлеуметтік зұлымдықты жоюға мүмкіндік береді. Бұл ретте, жемқорлыққа қарсы мәдениетті білім жүйесі арқылы қалыптастыру қолға алынды. Сыйбалас жемқорлыққа қарсы сауаттандыру сұрақтары барлық деңгейдегі білім мекемелерінің оқу процестеріне, пәндеріне қосылып отыр. Мысалы, орта оқу орындарында «Дүниетану», «Адам. Қоғам. Құқық» пәндеріне сауаттандыру сұрақтары қосылса, жоғары оқу орындарында жаңадан «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздері» модельді пәні элективті пәндер каталогына енгізілді.

Жекелей айтатын тағы бір дүние ол – жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатындағы Ашық келісім. Біздің өңірде бұл келісімге 42 үміткер мен 500 азамат қол қойды.

– Мемлекеттік қызметшілерге олардың кәсіби мерекесінде қандай тілхаттеріңіз бар?

– Әрбір өркеннестің өріне қадам бастаған мемлекеттің өні басты тірегі, оның идеясы мен саясатын алға апарушы мемлекеттік қызметкер екені белгілі. Сондықтан да ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқататын мемлекеттік қызметкер болу – мәртебелі міндет. Өйткені, мемлекеттік қызметші – біліктің биік бейнесі, іскерлік қабілетін көрсетеді. Халқымызда «Билігі мықты елдің – тірлігі құтты болады» деген дана сөз бар. Сондықтан қашан да жүгі ауыр билік міндетінің ауқымды және мақсатының биік болары барлық мемлекеттік қызметшілердің арқашан

қайтыс болуына орай қайғысына ортақтасып, көңіл айтады

ТАҢДАЙЫНАН ЖЫР, МАҢДАЙЫНАН НҰР ТӨГІЛГЕН



Сондай-ақ, бабалар аманатына адалдық танытып, асқақ арман-мұрат жолында айтулы жетістікке жеткен мерейтой иесін «XXI ғасыр Гомері» деуге тұрарлық екендігін айтты. Оның жыраулық мектепті ұйымдастырудағы ұшан-теңіз еңбегін, жүздеген шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаздығын сөз етті. Сонымен бірге,

— Көшпелі мәдениеттің адамзат дамуында өзіндік орны бар. Аңыз-әфсана түрінде ұрпақтан ұрпаққа жеткен абыздарымыздың, тұлғаларымыздың өмірі, шығармашылығы — ұлттық руханиятымыздың бастауы. Бұл орайда бір бағына бірнеше өнер тоғысқан, түркі жұртына ортақ Қорқыт бабамызды айтуға тиіспіз. Оның жыраулық,

өзіне тән сара жолына тоқталып, жырды ұлы адамдар жырлайтынын жеткізді.

Конференцияның екінші бөлімі филология ғылымдарының докторы, профессор Қаржаубай Сарткожаұлының құттықтау сөзімен басталды. Ол өз сөзінде: «Ұлт руханиятының алып мұхиты, көсем сөздің көкжалы, ұлт тарихының жыршысы Алмас Алматовтың мерекесі — түркі руханиятының мерекесі. Қазіргі таңда 300 млн түркі халқының ішінде онымен үзенті қағыстыратын жыршы жоқ деуге болады», — деп мерейтой иесінің мерейін асырды.

Содан соң, алпыстың асқарына шығып отырған мерейтой иесі Алмас Алматов «Дәстүрлі өнер-жыр» мамандығы бойынша жоғары оқу орындарындағы кәсіби білікті маман дайындаудың өзекті мәселелері» тақырыбында баяндама жасады. Әрбір сөзін, тереннен терген маржандай тізбелейтін жыраудың ғылыми баяндамасы тұтас бір жыршылық өнер тағдырын жырлап өткендей әсер қалдырды. Жыршылық мектепті ұйымдастыру жолындағы қиындықтарды, бұл жолда қол үшін сөзген өнер жана-шырлары жайында толғанды.

**Жырау, фольклорист-ғалым
Алмас АЛМАТОВ:**

— Бүгін Сыр елінде өнер тойы болып жатыр. Облыс әкімінің тікелей қолдауымен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтуде. Алпыс — маған осы уақытқа дейін ел алдында не істедім, не қойдым дейтін, есеп беретін жас секілді көрінеді. Жеке шығармашылығымға келсем, бүгін біріншіден төрт томдық кітаптың бірінші «Шыңғыснама» туындысының тұсаукесерін жасадық. Ол — 15 мың жолдық дастан, 10 жылдық ізденістің нәтижесі. Екінші кітап — «Жыр керуені». Бұл кітап осы уақытқа дейінгі шығармашылығымызды жүйелейтін дүние. Үшінші — «Шыңғыснама» музыкалық дастаны. 12 шәкіртім 15 мың жол дастанды мақам-саз әуенімен орындап, күй табаққа түсірілді. Демек, жыраулық дәстүр XXI ғасырда жаңа белеске көтерілді. Қырымбек Көшербаев 1998 жылы Еліміздің мәдениет, спорт, ғылым министрі болып тұрған уақытта «дәстүрлі жыр» мамандығы оқу процесіне енген болатын. Содан бері осы жұмысқа жетекшілік жасау арқылы барынша еңбек еттік. Елмұра Жаңабегенова, Ұлжан Байбосынова, Берік Жүсіпов сынды шәкірттер тәрбиелеп шығардық. Қорытқанда, бүгінгі таңда жырауларымыз қоғамның дамушы күшіне айналды деуге толық негіз бар.



бағаларды.

Ал Қырғызстаннан келген өнертану кандидаты, манасшы Талантаалы Бакчиев өз баяндамасы аясында Алмас Алматовпен 15 жылдан бері өнер сахнасында бірге жүргендігін айтып өтті. Баку, Алматы қалаларында қатар өнер көрсетіп, «талай мәрте мен Манасты, ол жырын айтып ел құрметіне бөледі» деп ағынан жарылды. Сондай-ақ, ол түркітілдес халықтардың салт-дәстүрі жайындағы ғылыми тұшымды ойларымен, тұжырымдарымен бөлісті.

Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының профессоры Саида Әбдірахымқызы Алмас Нұрмаханұлының өнердегі

— Қазақ руханиятындағы ерте туып, кеш қалып келе жатқан жыршылық дәстүр өз орнынан ажырап кеткен уақытты бастан өткерді. Өткен ғасырдың аяғында ғана жеке атауды шәкірт тәрбиелеуге қол жеткіздік, — деп тарихи сәттерден сыр шертті.

Конференцияда, сондай-ақ, Қорқыт ата атындағы КМУ доценті Болат Оспанов, өнер зерттеуші Бекарыстан Мырзабаев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Елмұра Жаңабегеновалар тағалымы, ғылыми бағасы зор баяндамалар жасады.

Нағымжан САУЯЕВ.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН АУТИЗМ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Қызылордада аутизм дертіне шалдыққан балаларға арналған орталық ашылды. Оналту орны — белгілі менсат Болат Өтеу-ратовтың «Асыл мирас» жеке қайырымдылық қорының қолға алуымен ел игілігіне беріліп отырған еліміздегі үшінші орталық.

Салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары Қуанышбек Ысқаков, «Асыл мирас» жеке қайырымдылық қоры мен «Ашық әлем» қоғамдық бірлестігінің өкілдері, аутист балалар мен олардың ата-аналары, азаматтық қоғам мүшелері қатысты.

Жиналғандар орталықты аралап, жұмысымен танысты. Алматы мен Астана қалаларынан кейін ашылып отырған бұл ой-өрісі дамуында ауытқушылығы бар балаларды бейімдеу орталығы заман талабына сай жабдықталған. Мұнда аутистикалық ауытқушылықтары бар балаларларды оңалтып, өмірге бейімдеу әлемдік стандарттарға сәйкес ақысыз негізде жүргізіледі. Орталықта бірыңғай түзеу бағдарламалары бойынша жұмыс жасалады, ол бағдарлама аутизмді түзеудің екі тәсіліне негізделген. Бірінші — классикалық, онда баламен әлеуметтік-коммуникативтік және ағартушылық саладағы, тілдік және күнделікті өмірдегі дағдыларды анықтау қарастырылады. Жұмыстың екінші әдісі — бұл «АВА терапия», ол мінез-құлық дағдыларының тілдік және базалық бағаларына қарай құрылады. Бұл үшін әрбір балаға арналған жеке педагог қа-



растырылады. Жаңадан ашылып отырған орталық мамандары мінез-құлықты қолданбалы талдаулары бойынша білім беретін тренингтер, аутизм диагностикасы, сенсорлық интеграция, сонымен бірге, басқа да мамандандырылған курстар өткен. «Бұл — ата-аналар мен балалар үшін жасалған үлкен қамқорлық. Кішкентай аутистердің өмір сапасын жақсартуға үлес қосу біз үшін аса жауапты іс болмақ», — дейді қор өкілдері.

Бүгінде 80-нен астам отбасы жаңа орталықтың көмегіне жүгі-

нуге өтініш білдірген. Жалпы, елімізде 2000-ға жуық жасөспірім аутистикалық қауіпке алынған.

Аутизммен күресті қолға алған «Асыл мирас» жеке қайырымдылық қоры биыл Өскемен қаласында тағы бір сауықтыру орталығын ашуды көздеп отыр. Осылайша жыл сайын төрт қалада аутизм бар 700-ден астам бала мен олардың отбасы мамандандырылған көмекпен қамтылатын болады.

Айнұр БАТТАЛОВА.

ҚОС ҚҰРБЫНЫ АЛАЯҚТАН АБАЙЛА! ТҰЗАҚҚА ТҮСІРГЕН

Қазақ халқы қашаннан көңіліне күдік келтірмей, кімге болса да арам ойламай иланғыш, сенгіш халық екені жасырын емес. Сол сенгіштік сезіммен алаяқтардың арбауына алданғандарын кеш түсініп жатады. Осы алаяқтық қазіргі таңда қоғамды дендеген дертке айналдып барады. Сөйтіп, «біреудің ала жібіні аттама» дейтін қазақы тәрбиеміз аяқасты болғанын аңғартып отыр.

Алаяқтар, әдетте, адамдардың жеңіл пайда табу, бір нәрсеге оңай әрі тез қол жеткізу сияқты қасиеттерін ескеріп, өз ісіне оңайлап алады. Алаяқтар, негізінен, отірікті шындай етіп жеткізетін ерекше дарынды жандар болып келеді. Олар адамның көзіне тура қарап, барынша сенім туғырады. Сондай сенімге кірген азаматша Ә-ге жуырда сот үкімі шықты.

Сотталушы Ә. кезекті тұзаққа түсірген А.-ға Қызылорда қалалық әкімі аппаратының лауазымдық жазмасында жұмыс жасайтын танысы бар екендігін, сол арқылы мемлекеттік бағдарлама бойынша 2 бөлмелі пәтер алып беретіндігін айтып, 1 млн теңгесін бір алса, үй құжаттарын рәсімдеу үшін 29 152 теңгесін және алған.

Көнігі алаяқ Ә. мұнысы аздай, енді жәбірленуші А.-ның танысы Ж.-ны жерге қаратқан. Оған да мемлекеттік бағдарлама арқылы пәтер алып беретіндігін сендіріп 1 млн теңгесін алдап алған.

Қызылорда қалалық №2 сотының баспасөз хатшысы Мархабат Бекетова-ның хабарлағандай, сот үкімі бойынша қылмыстық кодекстің 190-бабымен кінәлі деп танылған сотталушы Ә.-нің мүлкі тәркіленіп, оған 2 жыл бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалған.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.



«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Alatau Kent Engineering (Алатау Кент Инжиниринг)» ЖШС қоршаған ортаға әсерлі бағалау (ҚОЭБ) материалдарымен бірге «Қызылорда облысы, Сырдария ауданы «Хайрекелді» кен орнында «Өндірістік қалдықтарды уақытша сақтау телімі» жұмыс жобасы жөнінде қоғамдық тыңдаудың өтетіндігін назарларыңызға салады.

Жобаны тапсырушы — «KAZPETROL GROUP (КАЗПЕТРОЛ ГРУП)» ЖШС.

Қоғамдық тыңдау 2016 жылдың 13 шілдесінде сағат 15.00-де, Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, 42, конференция залында өткізіледі. ҚОЭБ материалдарымен төмендегі мекенжай бойынша танысуға болады: Алматы қаласы, Қудерина көшесі, 65Б, 16-кеңсе.

Барлық сұрақтар бойынша мына телефон нөмірлеріне хабарласуға болады: 8 (7272) 22 55 99, Alatau_Kent@mail.ru.



8 (771) 300 30 03

**КЕҢЕСТІК
КАЗВОРТЕРМЕТ
СОВЕТСКИЙ**

**Сынықтарды
Более 33 000**

күннен астам уақыт
жабындаймыз
дней
принимаем лом

ТАРАЗЫМЫЗ ДӘЛ ТОЧНЫЕ ВЕСЫ

ӨСИЕТКЕ ТОЛЫ ЖЫР ТОЙЫ



Көше Н.Бексенов атындағы қазақ музыкалық драма театрында фольклортанушы-ғалым, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, жырау Алмас Алматовтың 60 жылдық мерейтойына арналған «Ұлы дала әуендері» атты концерт өтті.

Рухани көштің шымылдығы ұлы жыраулардың жауһар жыр мұрасын дәріптеп, жыраулық өнердің көшін өрге сүйреген Алмас Алматов «Шыңғыснама» тарихи дастанынан үзінді оқуымен түрілді. Одан соң айтыстың дарабозы, арда ақын Аманжол Әлтаев жырауға арнау айтып, мерейін өсірді. Ал қырғыз елінен келген өнерпаз Талантаалы Бакчиев «Манас» жырынан үзінді орындап, көпшілікті бір серпілтіп тастады.

Концертте елімізге танымал жырышлар Елмұра Жаңабегенова, Айгүл Косанова, Ардақ Исатаева, Аманжол Көмеков өнер көрсетті. Сыр елінің жыршылары мен Алмас

Дәурен ОМАРОВ,
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ (сурет).

